

№11 «Балапан» бөбекжай - балабақшасы


«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

 А.Еришова

«Тексерілді»

Балабақша әдіскері:

 А.Шуиншалиева

Үйірме жұмысы
«Ертегілер елінде!»
ЖОСПАРЫ

№ 7 «Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері : **Набиева А**
Көшербаева А

2021 – 2022 оқу жылы

Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуде үстел-үсті, қуыршақ, конус, саусақ театрларының, сонымен бірге сахналық қойылымдардың рөлі өте үлкен. Сахнада балалар өздерін ертегі кейіпкерлерінше сезініп, ой-қиялдарын ұшқырлайды. Өздері сүйіп тыңдайтын ертегі кейіпкерлерінің бейнелерінде ойнау - олар үшін зор қуаныш сезімін тудырады. Сахналық қойылымдар мазмұны арқылы балалар лексиканы меңгереді, диалогке түседі, ертегідегі жануарлардың дауыстарын, қимылдарын айнытпай салып, барынша көрсетуге тырысады. Соның нәтижесінде, балалардың шығармашылығы дамиды қызығушылықтары артып, қуанады.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

Мақсаты:

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту

Міндеттері:

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 3-4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ыргағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 3-4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Мазмұны	Сағат саны	Өтілу түрі	Мақсаты	Көрнекілігі
1	«Күшік досын қалай тапты» ертегісі	1	Үстел -үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы күшік, қоян, түлкі, қасқыр,қонжық,бала,үй макеттері және т.б. көрнекіліктер
2	«Күшік досын қалай тапты» ертегісін сахналау	1	Сахналық қойылым	Рөлдер арқылы ертегі кейіпкерлерін дауыс ырғағымен айтуға үйрету. Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна : орман бейнесі, орманшының үйі,күшік, қоян, түлкі, қасқыр,қонжық,баланың киімдері, ұнтаспа және т.б көрнекіліктер
3	«Үйшік» ертегісі	1	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы балаларға ертегі желісін толық әңгімелеу. Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту	Әсем әрі ертегі мазмұнына сай безендірілген қуыршақ театрының ширмасы және, тышқан, бақа, қоян, қасқыр, қобелек, тиын, түлкі және аюдың қуыршақ театрына арналған бейнесі. Ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
4	«Үйшік» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Достық қарым - қатынас жасауға тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: құрастырылмалы үйдің, ағаш шөптердің макеті, тышқан, бақа,

				бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру іскерліктерін қалыптастыру	қоян, қасқыр, көбелек, тиын, түлкі және аюдың киімдері, ұнтаспа және т.б. көрнекіліктер
5	«Көкөністер айтысы» ертегісі	1	Конус театры	Конус театры арқылы ертегі желісімен таныстыру. Ертегідегі көкөністердің ерекшеліктері туралы әңгімелей отырып, табиғатты аялауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел үсті театры. Бау-бақшаның, қоршаудың жеміс ағаштарының жылжымалы конус макеттері және т.б. көрнекіліктер
6	«Көкөністер айтысы» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Ертегідегі рөлдік диалогтерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкүндіктер туғызу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: бау-бақша, қоршаудың жеміс ағаштарының макеттері. Көкініс бейнелерінің киімдері. Ертегі мазмұнына сәйкес әуендер және т.б. көрнекіліктер
7	«Үш аю» ертегісі	1	Қолғап театры	Қолғап театры арқылы ертегі мазмұнын әңгімелей отырып, мейірімді, қайырымды және басқа да игі қасиеттерді бойына сіңіруге үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел үсті театры : орман, аю үйшігі, ертегі кейіпкерлері бейнеленген қолғаптар және т.б. көрнекіліктер
8	«Үш аю» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Балаларды қойылымға қатыстыра отырып , рольдерді сомдауға, образға ене білуге үйрету, шығармашылықты жетілдіру	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұны бойынша безендірілген сахна: орман, аю үйшігі, үй іші жабдықтары, ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер

9	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Фланелеграф арқылы қойылым	Ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар қою арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету және достық сезімге тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнын бейнелейтін, суреттер және т.б. көрнекіліктер
10	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналық қойылым арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: үйдің, қораның макеттері, гүлдер мен шөптер, түйе, күшік, бота, мысық, қозы, әтеш, лақ, араның киімдері, ертегі кейіпкерлерінің қимылына сай жетекші әуендер және т.б. көрнекіліктер
11	«Түлкі мен ешкі» ертегісі	1	Саусақ театры	Саусақ театры арқылы ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің мінез құлықтарын ажырата білуге үйрету	Саусақ театрына арналған түлкі мен ешкінің бейнелері
12	«Түлкі мен ешкі» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Балаларды ұсынылған рөлдерді ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: шөптер мен талдар, құдық макеті, түлкі мен ешкі бейнесіндегі киімдер, ертегі мазмұнына байланысты әуендер және т.б. көрнекіліктер

13	«Кім күшті?» ертегісі	1	Үстел – үсті театры	Балалармен бірге ертегі қойылымын орамал театры арқылы ойнап көрсету және табиғатты қорғау сезімдерін күшейту, шығармашылықты дамыту	Ертегі кейіпкерлері.
14	«Кім күшті» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналық қойылым арқылы бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту, көңіл-күймен, қуанышты жағдай тудыру, музыкаға сәйкес ширақ қимылдар жасауға үйрету	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: Орамал театрының кейіпкерлері.
15	«Шалқан» ертегісі	1	Үстел - үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру , жетекші сұрақтар арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері
16	« Шалқан» ертегісі	2	Сахналық қойылым	Ертегіге деген қызығушылығын арттыра отырып, кейіпкерлердің образдары бойынша ойнай білу қабілетін дамыту	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұнына байланысты безендірілген сахна: үй іші бейнеленген макеттер,ыдыс аяқтар, сыпырғыш,үй жиһаздары, хан сарайының макеті, арба,

					ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
17	«Не дәмді?» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, үстел-үсті теарты арқылы сөйлеу тілін дамыту, дауыс ырғағын келтіре орындап жүйелі баяндауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы үй, қоралардың макеті, үйшік, астау макеттері, тауық,ит, қоян, ешкі, мысықтың кейпін бейнелейтін жылжымалы бейнелер
18	«Не дәмді?» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Өз рөлдерін сахналау шығармашылығын дамыту және өнерге деген қызығушылығын арттыру	Әсем безендірілген сахна: үй, қоралардың макеті, үйшік, астау макеттері, тауық,ит, қоян, ешкі, мысықтың костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
19	«Түлкі мен тырна» ертегісі	1	Саусақ театры	Ертегіні саусақ театры арқылы әңгімелеу ,ертегі мазмұнымен таныстыру. Балалардың диалогты сөйлей білу қабілеттерін арттыру	Саусақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
20	«Түлкі мен тырна» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Ертегіні сахналай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін нақты сипаттай білуге үйрету, шығармашылығын дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: орман ағаштары мен шөптер,көлдің макеттері, түлкінің, тырнаның безендірілген үйлері, құмыра мен тарелка ыдыстары, тырна мен түлкінің костюмдері, ертегі

					мазмұнына сай әуендер
21	«Төлдер айтысы» ертегісі	1	Қуыршақ театры	Балаларды «Төлдер айтысы» ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Рөлдерге тән дауыспен, қимылмен, мимикамен ойнауға үйрету, шығармашылықты дамыту	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: жылжымалы қозы, лақ, құлыншақ, бұзау, ботақан, қуыршақ бейнелері, ертегі мазмұнына байланысты көңілді әуендер
22	«Төлдер айтысы» ертегісі	1	Сахналық қойылым	«Төлдер айтысы» ертегісін рольдерге бөліп ойнату арқылы әр төлдің өзіне тән дауыспен, қимылмен, мимикасымен ойнау шығармашылығын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна, макеттер, кейіпкерлер костюмдері, әуендер
23	«Жеті лақ» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің өз-ара қарым-қатынасын бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры :жылжымалы қараша үй макеті және үй жиһаздары, кейіпкерлердің жылжымалы суреттері
24	«Мақта қызбен мысық» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға, әрекеттердің дамуын қадағалауға ынталандыру	Ертегі желісі бойынша безендірілген үстел-үсті театры: әже, немересі, тауық, тышқанның жылжымалы үстел үстіне арналған макеттері және т.б.

					көрнекіліктер
25	«Мақта қызбен мысық» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Балаларды кейіпкерлердің бейнесін беру үшін сөздегі ырғақ манерін қолдануға үйрету, шығармашылықты дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: үйдің макеті және үй жиһаздары, әже, немере, тауық, тышқанның костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1	Конус театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар қою арқылы ертегі желісін есте сақтауға үйрету, ертегіге деген қызығушылығын арттыру	Конус театры: ертегі мазмұнына сай ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, кейіпкерлер бейнеленген жылжымалы конустар
27	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	2	Сахналық қойылым	Балалардың әдеби шығармалар мен ертегі үзіндісін драмалауға қатысу біліктерін ата-аналарды қатыстыра отырып дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна : ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, ертегі кейіпкерлерінің костюмдері, кейіпкерлердің іс-қимылдарына байланысты әуендер
28	«Қызыл телпек» ертегісі	1	Үстел үсті театры	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру, рөлдерде ойнай білу қабілеттерін дамыту	ертегі мазмұнына кейіпкерлер бейнеленген үстел үсті театры

29	«Қызыл телпек» ертегісі	1	Сахналық қойылым	«Қызыл телпек» ертегісін балалардың сомдай білу біліктерін қалыптастыру	Ертегі кейіпкерлерінің киімдері.
30	«Түлкі мен бөдене»ертегісі	1	Саусақ театры	Ертегінің мазмұнымен таныстыру , сұрақтар беру арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету	Саусақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнесі
31	«Түлкі мен бөдене» ертегісі	1	Драматизациялау	Балалардың сахналай білу қабілеттерін дамытып, арнайы атрибуттарды қолдануға үйрету	Ертегі желісіне сай жасалынған атрибуттар
32	Балалар қалауы бойынша ертегілер (қайталау)	3	Еркін	Жыл көлемінде үйренген шығармашылық біліктерін бекіту, дарындылығын анықтау	Балалар қалауы бойынша алынған ертегілерге қажетті көрнекіліктер
	Барлығы	36 сағат			